

№143 қорға тарихи анықтама (жалғасы)

Жымпиты ауылы

19 маусым 2009 жыл

Сырым ауданы әкімі аппараты 1996 жылы 16 қаңтарда Батыс Қазақстан облысы әкімінің №10 шешімімен құрылған.

Аудан әкімі аппаратының құрамы мен шекті санын Қазақстан Республикасы Министрлер комитеті және облыс әкімі белгіленген лимиттер мен шекті қаржы мөлшерінде бекітеді.

Сырым ауданы әкімі аппаратында 2001 жылғы штаттық кесте бойынша барлық қызметкерлер саны – 73, соның ішінде депутат – 2, саяси қызметкер – 13, мемлекеттік әкімшілік қызметкерлер саны- 39,5, техникалық қызмет көрсетуші топ – 18,5. Нақты тоқталғанда:

Маслихат хатшысы – 1

Тексеру комиссиясының төрағасы – 1

Маслихат аппаратының бас маманы - 1

Аудан әкімі – 1

Аудан әкімінің аймақтық – экономикалық мәселері жөніндегі орынбасары – 1

Аудан әкімі аппаратының аймақтық – экономикалық мәселері жөніндегі бас маманы – 1

Аудан әкімінің орынбасары (отын энергетикалық кешен) – 1

Аудан әкімі аппаратының отын энергетикалық кешені жөніндегі жетекші маманы – 1

Аудан әкімінің орынбасары (ішкі саясат және әлеуметтік сала) – 1

Аудан әкімі аппаратының ішкі саясат және әлеуметтік сала жөніндегі бас маманы – 1

Аудан әкімі аппаратының төтенше жағдайлар жөніндегі бас маманы – 1

Аудан әкімі аппаратының туризм және спорт жөніндегі бас маманы - 1

Аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру ж/е кадрлармен жұмыс бөлімінің меңгерушісі - 1

Аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру ж/е кадрлармен жұмыс бөлімінің бас маманы - 1

Аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру ж/е кадрлармен жұмыс бөлімінің жетекші маманы - 1

Аудан әкімі аппаратының жалпы бөлімінің меңгерушісі - 1

Аудан әкімі аппаратының жалпы бөлімінің бас маманы - бас бухгалтер – 1

Ауылдық округ әкімдері – 12

Ауылдық округ әкімінің орынбасары – 1

Ауылдық округ әкімдер аппаратының бас мамандары – 12

Ауылдық округ әкімдер аппаратының мамандары – 8,5

Ауыл шаруашылық бөлімінің бастығы -1

Ауыл шаруашылық бөлімінің бас маманы - 3

Техникалық қызмет көрсетуші топ

Шаруашылық меңгерушісі - 1

Қарауыл - 2

Еден жуушы - 2

Машинка басушы - 3

Көлік жүргізушісі - 10,5 (соның ішінде аппаратта - 3, маслихатта -1, селолық округтерде - 5,5, ауыл шаруашылығында -1 бірлік)

Аудан әкімі аппаратынан 2003 жылы маслихат аппараты, ауыл шаруашылық бөлімі бөлініп өзара дербес бөлім болып бөлінсе, 2005 жылы 12 селолық округ әкімі аппараты өзара дербес бөлім болып құрылған.

Аудан әкімі аппаратында штаттық кесте құрылымында 2002 жылы 17 штаттық бірлік, 2003 жылы - 17, 2004 жылы - 17, 2005 жылы - 17, 2006 жылы - 17 штаттық бірлік болған, енгізілген өзгерістер бойынша аудан әкімінің орынбасары (ішкі саясат және әлеуметтік сала) - 1 штаттық бірлігі қысқартылған, қосымша аудан әкімі аппаратының басшысы - 1, аудан әкімінің жалпы бөліміне іс жүргізуші, азаматтарды қабылдау, өтініштермен жұмыс жасау жөніндегі бас маман -1, заңгер, құқықтық білім беру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жұмысын ұйымдастыру жөніндегі бас маман - 1 штаттық бірлік алынған.

№143 Қор, Т№1, Іс№131, п.№2,3,4, Б№11

№143 Қор, Т№1, Іс№271, п.№1,2, Б№26

Техникалық қызмет көрсету тобы ішінде арнайы күзет қызметі көрсетілуіне байланысты -2 штаттық бірлік қарауыл қысқартылған, қосымша 2 штаттық бірлік еден жуушы, 1 штаттық бірлік аула тазалаушы және 1 штаттық бірлік хатшы- қабылдау бөлімінің инспекторы алынған.

Аудан әкімшілігінің шығындар сметасы 2001 - 2006 жылмен алғанда төмендегідей болған

Жылдары	Смета бойынша қаралғаны	Жұмсалғаны	Соның ішінде еңбек ақысы
2001	23702,0	23702,0	9565,0
2002	24494,0	24494,0	11787,0
2003	29113,0	29113,0	11256,0
2004	47525,0	47525,0	19517,0
2005	19798,0	19798,0	7666,0
2006	17695,0	17692,7	7398,2

№143 Қор, Т№1, Іс№132, п.№5,6,7, Б№11

№143 Қор, Т№1, Іс№272, п.№6,8, Б№26

Аудан әкімі аппаратының құжаттары №143 қордың № 1 тізімдемесіне 1992-2000 жылдарға 117 іс, №1»ж» тізімдемесіне 1992-2000 жылдарға 17 іс барлығы Сырым филиалы мемлекеттік мұрағатта 134 іс сақталуда.

Сырым ауданы әкімі аппаратының 2001-2006 жылдардағы құжаттарын мемлекеттік мұрағатқа тапсыру үшін екі тізімдеме жалғасы ретінде істеліп, құжаттарды сараптап, ғылыми-техникалық өндеуден өткізіп, тұрақты

сақталатын құжаттардың №1 тізімдемесі жасалды, оған 169 іс енгізілді, олар аудан әкімінің шешімдері, өкімдері, аудан әкімдігінің қаулылары, аудан әкімі аппаратының шығындар сметасы мен штаттық кестесі, жылдық бухгалтерлік есептер және жылдық статистикалық есептер, ал жеке құрам жөніндегі құжаттардың №1 «ж» тізімдемесіне 39 іс енгізілді, оған қызметкерлердің еңбек ақы төлеу ведомстволары, зейнетақы жинақтаушы қорларына ақша аудару жөніндегі құжаттар, еңбек өтілін есептеу жөніндегі хаттамалар енгізілді.

Тұрақты сақталатын №1, №1 «ж» тізімдемелер бойынша 2000-2007 жылдарға барлығы 208 іс облыстық мұрағаттар басқармасының СТК-ына бекітуге ұсынылды. Сақталу мерзімі өтіп, ғылыми-практикалық құндылығын жойған 381 істер көлеміндегі құжаттар іріктеп шығарылып, акт жасалды. Тұрақты сақталуға жататын жоқ құжаттарға да акт жасалды.

Аталған жылдарға құжаттарды әзірлеу барысында аудан әкімі аппаратының 2006 жылға арналған істер номенклатурасына сәйкес тізімдемелерге индекстер қойылған.

Мұрағатқа тапсыруға әзірлеген құжаттардың жай-күйі қанағаттанарлық жағдайда. Құжаттар мемлекеттік тілде жасалды.



Аудан әкімі аппаратының
жалпы бөлімінің меңгерушісі

Б.Жанболсынов

Сырым ауданы әкімшілігінің құрылуы және жұмысы туралы тарихи АНЫҚТАМА .

Сырым ауданының әкімшілігі Батыс Қазақстан облысы әкімінің 26 сәуір 1992 жылғы нр 36 " Облыстық атқарушы органдарының құрылымы туралы" шешіміне сәйкес құрылды.

Аудан әкімшілігі Қазақстан Республикасының біртұтас атқарушы органдар жүйесіне кіретін мемлекеттік орган болып табылады. Ауданның даму талаптарын және мүдделерін қамтамасыз етіп атқарушы органның мемлекеттік саясатын іске асырады. Аудан әкімшілігінің қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясымен, Қазақстан Республикасының 10 желтоқсан 1995 жылғы нр 2578 - XII " Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы" заңымен және Қазақстан Республикасының басқа да заң құжаттарымен реттеледі. Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарының, басқа жоғарғы мемлекеттік органдар құжаттарының орындалуын ұйымдастырады.

Аудан әкімшілігінің өз атауы аталған мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңдарға сәйкес банктерде шоттары бар.

Аудан әкімшілігінің құрылтайшысы:

Атқарушы орган құру туралы шешім қабылдайтын Қазақстан Республикасы Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі, облыс әкімі. Аудан әкімшілігінің қызметі тек мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылады.

Аудан әкімшілігін /атқарушы орган/ Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің өкілі болып табылатын Сырым ауданының әкімі басқарады. Аудан әкімі өз қызіретіндегі мәселелер бойынша заңдарда белгіленген тәртіппен шешімдер мен өкімдер түрінде ауданда міндетті күші бар актілер шығарады. Аудан әкімі атқарушы органның жұмысын ұйымдастырады әрі орган басшылық жасайды және атқарушы органға жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыру үшін жеке жауап береді.

Аудан әкімшілігінің құрамы мен шекті штат санын аудан әкімі Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті және облыс әкімі белгілеген лимиттер мен шекті қаржы мөлшерінде бекітеді.

1992 жылдың басына 22 адамнан тұратын штаттық кесте бекітілді.

Аудан әкімі	1
Аудан әкімінің бірінші орынбасары,	1
ауылшаруашылық басқармасының бастығы	1
Аудан әкімінің орынбасарлары	2
Іс басқарушы	1
Аға референт	1
Референт	2
Бас бухгалтер	1
Азаматтық қорғаныс штабының бастығы	1
Инспектор	1
Шаруашылық меңгерушісі	1
Хатшы-машинка басушы	1
І-категориялы машинка басушы	2
Еден жуушылар	2
Жиыны:	17
Экономика бөлімі	
Бөлім меңгерушісі	1
экономист маман	1
Жиыны:	2
Архитектор	1
Жастар ісі, физкультура және спорт комитетінің төрағасы	1
Азаматтық хал-ақтілерін жазу бөлімі	1
Жиыны:	3
Барлығы:	22

Негізі: нр 143 қор *Вайла* нр 6 іс 1,2 парақ. нр I тізімдеме

Аудан әкімшілігі аппаратын ұстау шығындары смета бойынша 459400 болса жұмсалғаны 4089089 сом, бұл шығындардың ішінде қызметтік жеңіл автоскелік және коммуналдық қызмет шығындары бар.

Негізі: қор нр 140 нр I тізімдеме 7 іс 15 парақ. *1 вайла*

Аудан әкімшілігі аппаратының 1993 жылғы штаттық кестесіне

өзгерістер енгізілген. Республикада мемлекеттік мүлікті жекешелендіру басталуымен штаттық кестеге жекешелендіру жөніндегі бас маман және юристконсульт лауазымдары енгізілді.

Негізі: нр 140 қор нр I тізімдеме
нр 2 байлам нр 14 іс I-2 парақ.

1995 жылдың аяғына барлық статьялар бойынша шығындар 95858-48 тенге болып, соның ішінде күрделі салым /капитальные вложения/ 91210-40 тенге болды.

Негізі: нр 140 қор, нр I тізімдеме, нр 2 байлам, нр 15 іс. I-2 парақ.

1994 жылдың штаттық кестесінде көп өзгерістер жоқ, мемлекеттік тілде іс жүргізілуіне байланысты штаттық кестеге тіл туралы бөлім меңгерушісі лауазымы енгізілді.

Негізі: нр 140 қор, нр I тізімдеме, нр 3 байлам, I-8 парақтар.

Аудан әкімшілігінің аппараты құрылымына және штатына 1995 жылы ішкі саясат және әлеуметтік сала бөлім меңгерушісі лауазымы енгізілді.

Негізі: нр 140 қор, нр I тізімдеме, нр 4 байлам, нр 34 іс, 2-ші парақ.

Сырым ауданы әкімшілігінің құжаттары бірінші рет ғылыми-техникалық өңдеуден өткізілді. 1992-1995 жылдардың құжаттары мұрағатқа өткізу үшін сұрыпталды.

Құжаттарды мұрағатқа сараптау барысында 1992-1995 жылғы тұрақты сақтауға тапсырылатын 55 істен тұратын құжаттардың нр I тізімдемесі, жеке құрам туралы 1992-1995 жылғы 7 істен тұратын нр I-III тізімдеме, II5 істен тұратын жоюға жататын құжаттардың актісі, тарихи анықтама жазылды.

1992 жылғы құжаттар орыс тілінде жүргізілді, 1993-1995 жылдың тұрақты сақтауға жататын құжаттар мемлекеттік тілде жүргізілді. Құжаттардың жағдайы қанағаттанарлық.

Сырым ауданы әкімі аппаратының
жалпы бөлімінің меңгерушісі:

С. ТӘЖІБАЕВ



№ 143 қорға тарихи анықтама (жалғасы)

Жымпиты ауылы

23 қаңтар 2004 жыл

Жергілікті атқарушы органдар жүйесінде әкімдер институтының таратылуына байланысты және Қазақстан Республикасы Конституциясының 87-бабына сәйкес Батыс Қазақстан облысы әкімінің № 10 16.01.1996 жылғы шешімімен Сырым ауданы әкімшілігінің атауы өзгеріп, Сырым ауданының әкімі болып Есберген Әжібаев қайта тағайындалған. Сырым ауданы әкімінің аппараты болып аталған.

(Қ-143, Т № 1, Іс № 36, П № 1, Б № 5)

Аудан әкімі аппаратының құрамы мен шекті штат санын Қазақстан Республикасы Министрлер комитеті және облыс әкімі белгіленген лимиттер мен шекті қаржы мөлшерінде бекітеді.

1996 жылдың басында 36 адамнан тұратын штаттық кестені аудан әкімі бекіткен:

1. Аудан әкімі	1
2. Аудан әкімінің бірінші орынбасары	1
3. Әкімнің орынбасары	2
4. Аппарат басшысы	1
5. Жалпы бөлім меңгерушісі	1
6. Әлеуметтік сала және саяси талдау бөлімі меңгерушісі	1
7. Азаматтық қорғаныс штабы	1
8. Референт	4
9. Бас бухгалтер	1
10. Машина басушы I- кат.	1
11. Завхоз	1
12. Машина жүргізуші	1
13. Машина жүргізуші	1

14. Машина жүргізуші	1
15. Техничка	1
16. Юрист-консульт.	1
Барлығы:	20
1. Экономика бөлімі меңгерушісі	1
2. Экономика маманы	1
3. Экономика маманы	0,5
Барлығы:	2,5
1. Азаматтық хал акт. бөлімі	1
2. Іс жүргізуші	0,5
Барлығы:	1,5
1. Архитектор	1
2. Тіл бөлімі меңгерушісі	1
3. Жастар ісі, туризм және спорт	1
Барлығы:	3
1. Бас зоотехник	1
2. Бас агроном	1
3. Бас бухгалтер – экономист	1
4. Бас инженер	1
5. Бас маман	1
6. Байланыс инженері	1
7. Машина басушы І- кат.	1
8. Машина жүргізуші	1
9. Вахтер	1
Барлығы :	9
Барлық жиыны :	36

Аудан әкімшілігіне қарасты мекеме, бөлімдерде 1996 жылғы штаттық кестемен 2000 жылға дейінгі штаттық кестелерде өзгерістер болмаған.

(К-143, Т №1, Іс № 47, П № 1,2,3, Б № 5)

Аудан әкімшілігінің шығындар сметасы 1996-2000 жылмен алғанда төмендегідей болған:

Смета бойынша қаралғаны	Жұмсалғаны	Соның ішінде еңбек ақыға қаралғаны
1996 жылға 8627,6	7693,3	2175,0
1997 жылға 10665,0	9748,0	4760,0
1998 жылға 13198,0	9264,0	5336,0
1999 жылға 13476,0	13275,0	6863,0
2000 жылға 17884,0	14477,0	7117,0

(К-143, Т №1, Іс №49, №66, №82, №96, №112, П 1-4, Б№5, №6, № 7, №8, №9)

Сырым ауданы әкімі аппаратының құжаттары № 143 қордың № 1 тізімдемесінде 1992-1995 жылдарға 35, №1»ж» тізімдемесінде 1992-1995 жылдарға 7 істер, Сырым филиалы мемлекеттік мұрағатта сақталуда. Сырым ауданы әкімі аппаратының 1996-2000 жылдардағы құжаттарын мемлекеттік мұрағатқа тапсыру үшін екі тізімдеме жалғасы ретінде істеліп, құжаттарды сараптап, ғылыми-техникалық өңдеуден өткізіп тұрақты сақталатын құжаттардың №1 тізімдемесі жасалды, оған 1996-2000 жылдар аралығында 82 істер енгізілді, олар аудан әкімінің шешімдері, өкімдері, шығындар сметасы, штаттық кестесі, жылдық бухгалтерлік есеп және жылдық статистикалық есептер, жеке құрамы жөніндегі құжаттардың №1 «ж» тізімдемесіне 1996-2000 жылдарға 10 істер енгізілді, олар қызметкерлердің еңбек стаждарын анықтау жөніндегі хаттамалары мен еңбек ақы төлеу ведомстері.

Сонда (№1, №1ж) екі тізімдеме бойынша 1996-2000 жылдарға барлығы 92 іс облыстық мұрағаттар басқармасының СТК-сына бекітуге ұсынылды. Сақталу мерзімі өтіп, ғылыми-парктикалық құндылығын жойған 293 істер көлеміндегі құжаттар жою үшін

іріктеп алынып, акт жасалды. Тұрақты сақталуға жататын жоқ құжаттарға да акт жасалды.

Аудандық маслихат, аудандық хал актілер, ауыл шаруашылығы, жастар ісі мекемелерімен бөлімдерге еңбек ақыны аудан әкімшілігі бухгалтериясы төлеп, жылдық шығындар сметасын, штаттық кестелерін еңбек ақы төлеу ведомстерін кейбір жылдарға біріктіріп, ал кейбір жылдарға аудан әкімі бөлек бекітіп отырған, осыған байланысты істерде сол бойынша жасақталып тізімдемелерге енгізілген. Құжаттарды өзірлеу барысында аудан әкімшілігінің 1995 жылғы істер номенклатурасымен тізімдемелерге индекстер қойылған. Аталған жылдарға мемлекеттік қызметке жұмысқа алу-босату жөніндегі әкімнің шешімдері № 1 тізімдемеде. Мұрағатқа тапсыруға өзірлеген құжаттардың физикалық жай-күйі қанағаттанарлық. Құжаттар мемлекет тілінде жасалды.

Аудан әкімі аппаратының
жалпы бөлімінің меңгерушісі



С. Бисембиев